



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бірінші шақырылымдағы Құрылтайдың бірінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзі



Құрметті Құрылтай депутаттары, Үкімет мүшелері! Қадірлі қауым!

Баршаңызға бірінші шақырылымдағы Құрылтайдың бірінші сессиясының ашылуы құтты болсын!

Бүгін еліміз өзінің даму жолында аса маңызды кезеңге аяқ басты. Бұл – мемлекетіміз үшін мәнағынасы айрықша оқиға, тарихи сәт. Біз ұлт жылнамасының жаңа парағын ашып отырмыз.

Бүгін жалпыұлттық референдум кезінде Қазақстан халқы қолдаған жаңа Конституцияға сәйкес еліміздің бір палаталы заң шығарушы органы – Құрылтай ресми түрде өз жұмысына кіріседі. Бұл – мемлекетіміздің саяси жүйесінің жаңару үдерісі дәл осы күннен бастау алады деген сөз.

Төл тарихымызға зер салсақ, Құрылтайда мемлекеттік маңызы бар мәселелер кеңінен талқыланып, ортақ шешімдер қабылданған. Бұл институттың жаңа кезеңде де жөні бөлек болары анық. Себебі Құрылтай билік жүйесін түбегейлі жаңғыртады, бүкіл мемлекеттік аппараттың жұмысына тың серпін береді. Құрылтай ұлттық заңнама сапасын арттыру арқылы еліміздің құқықтық негізін нығайта түседі.

Осы тарихи миссияны атқару сіздерге жүктеліп отыр. Құрылтайдың бірінші шақырылымының депутаты болу – ең алдымен, ерекше сәт. Бұл – үлкен бақыт деп айтсақ, қате болмас. Осы аса абыройлы атқа сай лайықты қызмет етесіздер деп сенемін!

(Жалғасы 2-бетте)

Құрылтай төрағасы сайланды

Бірінші шақырылымдағы Қазақстан Республикасы Құрылтайының алғашқы сессиясында Айбек Дәдебай Құрылтай төрағасы болып сайланды.

Құрылтайдың алғашқы отырысын Мемлекет басшысы ашып, депутаттарға төраға лауазымына Айбек Дәдебайдың кандидатурасын ұсынды. Бұдан кейін депутаттар Қазақстан халқына адал қызмет етуге ант беріп, парламенттік сайлау комиссиясының құрамын бекітті.

Тоғыз депутаттан құралған сайлау комиссиясы жасырын дауыс беру рәсімін ұйымдастырды. Депутаттар сайлау бюллетеньдері арқылы өз таңдауларын жасап, дауыс беру қорытындысында Айбек Дәдебай бірінші шақырылымдағы Құрылтайдың төрағасы болып сайланды. Жаңадан сайланған Құрылтай төрағасы өзіне көрсетілген сенім үшін Мемлекет басшысына және депутаттарға алғыс білдірді.

Айбек Дәдебай – мемлекеттік қызмет пен дипломатиялық салада мол тәжірибе жинақтаған маман. Ол 2001 жылы Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетін тәмамдап, 2003 жылы магистратураны аяқтап, өңіртану магистрі дәрежесін алды.

Еңбек жолында жоғары оқу орнында оқытушы, Парламент Сенаты аппаратында сарапшы, Сенат төрағасының көмекшісі қызметтерін атқарды. Сонымен қатар Қазақстанның Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы Женева қаласындағы тұрақты өкілдігінде дипломатиялық қызметте болды. Әр жылдары Қазақстан Парламенті Сенаты төрағасы хатшылығы меңгерушісінің орынбасары, Президент Кеңесі басшысының орынбасары, Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқарушысының орынбасары қызметтерін атқарды. 2022 жылдың қаңтарында Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқарушысы болып тағайындалды. Ал 2024 жылғы 6 ақпанда Мемлекет басшысының Жарлығымен Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің басшысы қызметіне келді.

Айбек Дәдебайдың дипломатиялық дәрежесі – II сыныпты кеңесші. Ол «Құрмет» орденімен және «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған.



Вице-президент пен Премьер-министр тағайындалды

Қазақстанда жаңа саяси институттар жұмысын бастауына байланысты бірқатар маңызды кадрлық шешімдер қабылданды. Құрылтайдың жалпы отырысында депутаттар вице-президент және Премьер-министр лауазымдарына ұсынылған кандидатураларды қолдады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Құрылтай отырысында Қазақстан Республикасының вице-президенті лауазымына Ерлан Тынымбайұлы Қариннің кандидатурасын ұсынды. Депутаттар ұсынылған кандидатураны бірауыздан мақұлдады.

Конституцияға сәйкес, вице-президент мемлекеттік билік тармақтары арасындағы өзара іс-қимыл мен теңгерімді қамтамасыз етуге атсалысады. Сонымен қатар Құрылтай депутаттарымен және Үкіметпен тығыз жұмыс жүргізіп, Мемлекет басшысы айқындаған міндеттерді іске асыруға қатысады.

Осыған байланысты Президент Жарлығымен Ерлан Қарин бұрын атқарған қызметінен босатылып, Қазақстан Республикасының вице-президенті болып тағайындалды.

Ерлан Тынымбайұлы бұған дейін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеңесшісі қызметін атқарған болатын. Ол елдегі қоғамдық-саяси үдерістерге, ішкі саясат пен идеологиялық бағыттағы жұмыстарға белсене араласқан тәжірибелі мемлекет қайраткерлерінің бірі.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы Құрылтай депутаттарының қарауына Қазақстан Республикасының Премьер-министрі лауазымына Олжас Абайұлы Бектеновтің кандидатурасын ұсынды.

Депутаттардың басым дауысына ие болған Олжас Бектеновтің кандидатурасы қолдау тауып, Президент Жарлығымен ол Қазақстан Республикасының Премьер-министрі лауазымына қайта тағайындалды.

Олжас Бектенов Үкімет басшысы ретінде бұған дейін де ел экономикасын дамыту, әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыру, мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін арттыру бағытындағы жұмыстарға жетекшілік етіп келді.

Осылайша, Құрылтайдың алғашқы отырыстарында еліміздің саяси және атқарушы билік жүйесіндегі маңызды лауазымдарға қатысты шешімдер қабылданып, мемлекеттік басқарудың жаңа кезеңі басталды.



Білім күнінен

Жаңа мектептер – жаңа мүмкіндіктер

Жаңа оқу жылы ауданның білім саласы үшін жағымды жаңалықпен басталды.

Білім күні қарсаңында ауданымызда оқушыларға екі жаңа мектептің есігі айқара ашылды. Сатай ауылында 900 орындық жаңа білім ошағы пайдалануға берілсе, Ащысай ауылында 600 оқушыға арналған заманауи білім ошағы алғашқы шәкірттерін қарсы алды.

Сатай ауылындағы жаңа мектептің салтанатты ашылуына аудандық мәслихат төрағасы Бекет Ахметов, аудан әкімінің орынбасары Ерболат Сарабеков арнайы қатысып, тұрғындарды қуанышымен құттықтады. Сатайлықтар үшін бұл көптен күткен қуанышты күннің бірі болды. Заманауи талаптарға сай бой көтерген 900 орындық білім беру мекемесі ауылдың әлеуметтік және білім беру инфрақұрылымын дамытудағы маңызды нысанға айналды.

(Жалғасы 4-бетте)

